



«ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIVDIN INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МІНЕЗ - ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бердібай Сымбат Ербол қызы,
Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
магистранты,

Ғылыми жетекшіі: Ишанов
Пірмағамбет Зулпхарұлы
ishanov65@mail.ru 87012778549

Аннотация: Мақалада зманауи мектепте сыныптан тыс жұмыстарын ұйымдастыру арқылы бастауыш мектеп оқушыларына қоғам тарапынан қойылатын талаптарды, өмірде өз орнын адаспай табу үшін, қандай қасиеттерді бойына сіңіріп меңгеруі және олардың мінез-құлқының мәдениеттілігінің ерекшеліктерін ескере отырып қалыптастыру мәселесі қарастырылған.

Түйінді сөздер: Бастауыш мектеп, оқушы, оқытушы, сынып жетекшісі, педагогикалық ұжым, оқу-тәрбие үдерісі, тәрбие жұмысы, мінез-құлқы, мәдениет, сыныптан тыс жұмыстар,

Бастауыш білім беру жағдайында оқушының тұлғалық және психикалық қасиеттері дамиды, іс-әрекеттің түрлі бағыттарын белсенді түрде игере бастайды. Осы шақта бастауыш мектеп оқушысының өзіндік санасы мен өзінің іс-әрекетіне баға беру қабілеті қалыптасады, алғашқы әлеуметтену кезеңінің есігі ашылып, бастауыш мектеп оқушысы мәдениет әлеміне, жалпы адами құндылықтарға, адамдар әлемімен, заттармен, табиғатпен және өзінің ішкі әлемімен қарапайым қатынастар орнатады. Белгілі бір іс-әрекетке қатыса отырып, бастауыш мектеп оқушысы жас ерекшелігіне сәйкес білімді, біліктер мен дағдыларды игеріп, өз мінезінің ерекшелігін байқатады және мінез - құлқының жеке жақтарын дамытады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында: «Біз әр шешімді мұқият саралап, әр істі байыппен жасауға тиіспіз. Отаншылдық рухы жоғары ел көздеген мақсатына жетеді. Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру. Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі», - деп келтіреді [1]. Осы орайда қазіргі мектептегі педагогикалық ұжымның көңіл бөлетін міндеті – қоғамның қазіргі талабына жауап беретін, шығармашылықпен еңбек ететін, талапкер, ізденімпаз, мәдениетті, жауапты іскер адамды қалыптастыруда тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру.



«ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIVDIN INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

Қазіргі кезде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың тұтас тәсілі неде?

Біріншіден, педагогикалық ұжым деңгейінде әрбір педагогтың жалпы мақсатқа жұмыс істеуі – көмектесуі емес, атап айтқанда жалпы мақсатқа жетуді қамтамасыз етуі. Екіншіден, әрбір сабақта оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін кешенді шешуде, сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар жүйесінде әрбір бөлім (сабақ, іс-шара) тұтастыққа (үрдіс) жұмыс істеуі. Үшіншіден, тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеу, білім беру мен өзін-өзі жетілдіру бір лігінде. Төртіншіден, тек қана бірлескен қызмет емес, педагог пен оқушылардың белсенді өзара іс-әрекеті (педагогикалық өзара әрекеттесу) болуы тиіс [2].

Біздің ойымызша тәрбие бағытындағы жүргізілетін жұмыстар бастауыш мектеп оқушыларының жас шамасына сай болуы талап етілсе, танымдық және тәрбиелік мазмұны терең әрі қызықты ұйымдастырылуы тиіс. Ол үшін сынып жетекші тәрбие жұмыстарын жоспарлаған кезден бастап, бастауыш мектеп оқушысыларға қоғам тарапынан қойылатын талаптарды, өмірде өз орнын адаспай табу үшін, қандай қасиеттерді бойына сіңіріп меңгеруі қажет деген сауалды жадында ұстап, олардың мінез-құлқының мәдениеттілігінің ерекшеліктерін ескергені абзал.

Сондықтан заманауи мектеп жағдайында мәдени мінез-құлықты қалыптастырудағы негізгі педагогикалық шарттардың бірі – оқушыларының жас шамасы мен олардың түсіну қабілеттерін ескере отырып, тәрбие процесінің сабақтастығын сақтау болып табылады.

Ал мінез-құлық мәдениеті адамның ішкі мәдениетімен, эстетикалық талаптарымен, жалпыға ортақ бағыттармен және дәстүрлермен тығыз байланысты. Ішкі мәдениет көп ретте адамның сыртқы тәртібін анықтайды, алайда сыртқы мінез-құлық та ішкі мәдениетке әсер етіп, адамды ұстамды, іштей жинақы болып өзіне-өзі ие бола білуге бастайды.

Бастауыш мектеп оқушыларының мінез-құлқы мен тәртібін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру – бүкіл педагогикалық ұжымның міндеті. Оны жекелеген сынып жетекшілердің бытыраңқы күш-жігерімен шешуге болмайды.

Тұтас тәрбие жүйесіндегі ауқымды өзгерістерді қамтамасыз ету педагогикалық ұжымның: білім беру ұйымы әкімшілігінің, әр мұғалімнің, сынып жетекшілерінің, жетекшінің, әлеуметтік педагогтің, педагог-психологтардың, қосымша білім беру педагогтерінің, балалардың қоғамдық



«ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIVDIN INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

ұйымдарының үйлестірушілері мен көшбасшыларының, әдіскерлердің күшімен жүзеге асырылады [3].

Педагогикалық зерттеулер мен әдебиеттерді талдау нәтижесінде С.А.Ұзақбаева, А.А.Қалыбекова, Т.Әлсатов, Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, Қ.Қожахметова, Ә.Сәдуақасов т.б. біз, бастауыш мектеп бастауыш мектеп оқушысыларын тәрбие жұмысын ұйымдастыру арқылы қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың маңызы зор, өйткені бастауыш сынып кезінде қалыптасатын мінездің негізінде жататын психикалық процестерді және жеке адамның қасиеттерін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру туралы айтылғандардың көбінің оқушы мінезін қалыптастыруға қатысы бар екендігін анықтадық.

Осы орайда ғалым Б.Қ.Игенбаева бастауыш мектеп оқушысыларды ұлттық мәдениетіне қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда ақынжанды, шешен, өнерпаз, өнегелі халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбиелік әдеттері, рәсімдері мен салт-саналық дәстүрлері жас ұрпақтың жан дүниесіне әсер етіп, санасына сіңсе, ол ұлттық мәдениетті игерген, иманжүзді инабатты, жалпы адамзаттық, асыл қасиеттерге ие болады деп айқындайды мінез - құлық сабақтары еңбегінде [4].

Әрине тәрбие бағытындағы жүргізілетін жұмыстар бастауыш мектеп оқушыларының жас шамасына сай болуы талап етілсе, танымдық және тәрбиелік мазмұны терең әрі қызықты ұйымдастырылуы тиіс. Ол үшін сынып жетекші тәрбие жұмыстарын жоспарлаған кезден бастап, бастауыш мектеп оқушысыларға қоғам тарапынан қойылатын талаптарды, өмірде өз орнын адаспай табу үшін, қандай қасиеттерді бойына сіңіріп меңгеруі қажет деген сауалды жадында ұстап, олардың мінез-құлқының мәдениеттілігінің ерекшеліктерін ескергені абзал. Мәдени мінез-құлықты қалыптастырудағы негізгі педагогикалық шарттардың бірі – оқушыларының жас шамасы мен олардың түсіну қабілеттерін ескере отырып, тәрбие процесінің сабақтастығын сақтау болып табылады.

Тәрбие жұмысы бастауыш мектеп оқушыларымен дұрыс қарым-қатынас орнатудан басталады. Бастауыш мектеп оқушыларының тиімді мінез-құлық тәжірибесін жинақтауы үшін ең қызықты деген шаралар санының да оларға бастауыш мектеп оқушысыларды қатыстырудың дәрежесі де ешқандай рөл атқармайды. Ең бастысы – сынып жетекші мен оқушыларының өзара қарым-қатынас стилі, ал мұның өзі бастауыш мектеп оқушыларына деген ақылға



«ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIVDIN INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

сыйымды, талапқа сай сүйіспеншілікке, бастауыш мектеп оқушысыларға деген терең құрметке негізделуі тиіс.

Бастауыш мектеп оқушысының саналы тәртіпке және мінез-құлықының мәдениетіне қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың маңызды шарты және құралы – сынып жетекшілердің және бастауыш мектеп оқушыларының өзара қарым-қатынасының дұрыс болуы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. - Астана, 2022.
2. Ансабаева А.Д. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертация.- Талдықорған, 2023.
3. Назарбаев Н.А. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». –Астана, 2017.
4. Мінез - құлық сабақтары. Жеке тұлғаның рухани мінез - құлық дамыту бағытындағы авторлық бағдарламалар мен оқу-тәрбие іс-шараларының үлгілері. «Мен адаммын» қоғамдық қоры. Құрастырған Игенбаева Б.Қ. Алматы, 2001. – 128.